АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
АЛГИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

2025 жыл «08» 05 № 108 «____»_____2025 год
Алға қаласы город Алга

Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатына аукцион өткізу тізбесін, нақты сауда-саттық объектілерін, сауда-саттық өткізу нысанын, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісін айқындау және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-II «Жер кодексінің» 17, 48 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Алға аудандық жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша «Жер кадастры және ЖМТТ» департаменті әзірлеген жерге орналастыру жобасына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатында аукцион өткізу тізбесі, нақты сауда-саттық объектілері, сауда-саттық өткізу нысаны, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісі айқындалсын және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысы Алға аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (м.а А.Т.Салиев) тиісті қаулы бойынша қажетті жұмыстарды жүргізуге міндеттелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Б.Султановқа жүктелсін.

Аудан әкімі **А.Шүйіншалиев**

Scanned with CamScanner

Алға ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 8 мамырдағы
№ 108 қаулысына
қосымша

Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатына аукцион өткізу тізбесі, нақты сауда-саттық объектілері, сауда-саттық өткізу нысаны, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісі және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері

Р/С	Айқындалған тізбе атауы	лот1.
1	Кадастрлық нөмірі	**02:037:001:084**
2	Идентификатор нөмірі	
3	орналасқан жері	Алға ауданы, Алға қаласы, Есет батыр көшесі, №33 А жер учаскесі
4	нысаналы тағайындауы	Жабық балалар ойын орталығы, тамақтанатын орнымен бірге (фудкорт)
5	жер көлемі	0.8000 га
6	айқындалған сату әдісі	ағылшын әдісі
7	анықталған бастапқы баға	297 600 теңге
8	анықталған ең төмен баға	297 600 теңге
9	кепілдік жарна көлемі	196 600 теңге
10	кепілдік жарна көлемін енгізу мерзімі	Хабарлама жарияланған күнінен бастап сауда-саттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады
11	аукцион өткізу мерзімі	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні
12	жер пайдалану құқығының мерзімі	3 жыл

Scanned with CamScanner